

"Қазгидромет" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 19 желтоқсандағы N 1775

Гидрометеорологиялық болжауларды дайындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқару органдарын, экономика салаларын және халқын табиғи гидрометеорологиялық құбылыстар, табиғи ортаның іс жүзіндегі жай-күйі және климаттың өзгеруі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жедел басқару құқығындағы "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асырушы орган болып белгіленсін.

3. Кәсіпорынның негізгі міндеттері:

қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді метеорологиялық, гидрологиялық және агрометеорологиялық болжаулар әзірлеу және жасау;

қоршаған ортаға жүйелі гидрометеорологиялық байқау және мониторинг жүргізу;

гидрометеорология және табиғи ортаның ластануы жөніндегі республикалық деректер қорын жүргізу;

авиацияны, энергетиканы, ауыл шаруашылығын және Қазақстан Республикасы Экономикасының басқа да салаларын метеорологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыру ;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, экономикасы салаларының және халқының ауа райы, климат, гидрометеорологиялық жағдайлардың іс жүзіндегі және күтілетін өзгерістері және табиғи ортаның ластану жай-күйі мен бұл өзгерістердің себептері туралы ақпаратқа қажеттілігін қанағаттандыру болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі:

заңдарда белгіленген тәртіппен Кәсіпорынды тіркеу жөнінде қажетті ұйымдастыру шараларын жүргізсін ;

ұйымдардың тізбесі мен бөлінген бюджеттік қаржылардың есебінен Кәсіпорын ұсынатын гидрометеорологиялық ақпараттардың көлемін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына және бекітуіне ұсынсын;

заңдарда белгіленген тәртіппен "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 Р960790_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне толықтыру

енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК